



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

14.01.2020 № 21

Астана қаласы

город Астана

Қазақстан Республикасы мемлекеттік
кірістер органдарының сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы стандарттарын
бекіту туралы

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18
қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес
БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер
органдарының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары бекітілсін.
2. Персоналды басқару және ұйымдастыру-қаржылық жұмысы
департаменті осы бүйрықты Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің және
аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының назарына жеткізсін.
3. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бекіту туралы» Комитет
Торагасының 2016 жылғы 14 қарашадағы № 664 бүйрығы жойылсын.
4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды озіме қалдырамын.
5. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Торага

М. Сұлтанғазиев



Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрлігі
 Мемлекеттік кірістер комитеті
 тәрағасының
 2020 жылғы «14» 01
№ 21 бүйрүгімен
 бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар) «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен, Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес салықтық және кедендік әкімшілендіру: қоғамдық қарым-қатынастардың оқшауланған салалары үшін әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың әзірлеушісі болып табылады.

3. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қоғамдық қарым-қатынастардың оқшауланған саласы үшін сыйайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

4. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудегі міндеттер:

1) қоғамдық қарым-қатынастардың оқшауланған салаларында жұмыс істейтін тұлғаларда орынқты сыйайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыйайлас жемқорлықтың көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау болып табылады.

5. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қафидаттары:

1) занылышық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқытары мен занды мұдделерін сақтау және оларды сыйайлас жемқорлық көріністерден қорғау;

5) мұдделер қактығысына жол бермеу болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қоғамдық қарым-кәтіншілдіктердің оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың белгіленген қағидаларды мұлтіксіз сақтауга және сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға бағытталған әрекеттерін және шешімдерін айқындайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізіне лауазымдық міндеттерін орындауда сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау козқарасы бойынша мыналарды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өзінің құзыреті шегінде басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) тыныс-тіршілік саласына сәйкес келетін ерекшелігіне байланысты озге де қоғамдық-маңызды қатынастар кезінде тікелей әрекеттер енгізілген.

2. Қоғамдық қарым-қатынастар саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлыш (әрекет) қағидалары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қозғайтын салаларда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кезде:

1) Қазақстан халқы бірлігінде және елдегі ұлтаралық келісімнің нығаюына ықпал ету, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

2) адал, әділ, қарапайым болуга, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауга, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту;

3) қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділеттігін қамтамасыз ету;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынга себепкер болмауға, сынағаны үшін кудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану.

9. Өзінің құзыреті шегінде басқарушылық немесе өзге шешімдер дайындаған және қабылдаған кезде:

1) тікелей немесе тұра басысына мүдделер қактығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мүдделілік туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлышқа және сыйлықтар алуға бейімділік туралы баяндау;

- 2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдаланып мүдделелерді басшылыққа алмау;
- 3) әділ қызметтік шешім қабылдауда әсер ете алатын өзара қарым-катаңнастардың белгіленген тәртібін бұзатын зансыз отініштермен әріптестерге және басшыларға жүргінуден тартыну;
- 4) басқа тұлғаларды сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауга көндірмеу және көтермелемеу;
- 5) лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мұліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін әріптестерге, басшыларға және өзге лауазымды адамдарға сыйлықтарды тарту етпеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпей;
- 6) лауазымдық өкілеттіктерін орныдаумен байланысты сыйлықтарды қабыл алмау;
- 7) мұліктік және мұліктік емес пайда мен артықшылықтарды алу немесе өндіріп алу мақсатында жариялануға жатпайтын қызметтік және өзге ақиаратты пайдаланбау;
- 8) егер лауазымға тағайындалу жақын туыстық қатынастағы тұлғалармен (ата-аналары, жұбайы, аға-інілери, апа-сіңлілері, балалары) тікелей бағыныста және бақылауында болумен байланысты болса, одан бас тарту;
- 9) сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-кимылда белсенділік таныту;
- 10) сыйайлас жемқорлықтың мәлім болған фактілері туралы, сондай-ак материалдарды жылдам не сөзбүйдәға салып қарастыру үшін қандай да бір пайда алуға көнүшілік туралы басшылыққа деруе баяндау;
10. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету, лицензиялық-рұқсат беру функцияларын іске асыру және өзге де қызмет көрсеткен кезде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына ұсынылады:
- 1) мемлекеттік қызметті көрсетудің сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;
 - 2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет, лицензиялар және рұқсат беру құжаттарын алуға арналған отініштерді қарастырған кезде сөзбүйда фактілеріне жол бермеу, оларды белгіленген мерзімде беру;
 - 3) мемлекеттік қызмет, лицензиялар және рұқсат беру құжаттарын алуға отініш берген отініш иелерімен қызметтеген тыс қарым-қатынасқа түспеу;
 - 4) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауга көндірген кезде басшылыққа баяндау;
11. Мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін жеке және занды тұлғаларға тексеруді үйімдастырған кезде лауазымды тұлғаларға ұсынылады:
- 1) тексеру субъектілерінің қорғалатын құқықтары мен занды мүдделерін бұзуга жол бермеу;
 - 2) жеке мүдделер мен үшінші тұлғалардың мүдделері үшін тексерулерге бастамашылық етуге жол бермеу;

3) тексеру іс-шараларын тексерілетін субъектілердің есебінен жүргізуді болдырмау;

4) тексерілетін субъектілерге заңсыз талаптар қоймау, тексеру пәніне жатпайтын өтініштермен жүгінбеу;

5) тексерілетін субъектіге тексеріс кезінде оның мәніне жататын қажетті ақпаратты ұсыну;

6) жеке және пайдакұнемдік мұдделерінде кәсіпкерлік қызметтің субъектілеріне қолдау көрсетпеу;

7) тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін кәсіпкерлік субъектілерінен тексеру пәніне жатпайтын күжаттарды талап етпеу;

8) кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мәлім болған коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды коснаганда, жариялауга және (немесе) пайдалануға жол бермеу.

12. Мемлекеттік кірістер органдарының жұмыскерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастырған кезде мемлекеттік кірістер органдарының басшылары мен лауазымды тұлғаларына ұсынылады:

1) меритократия қағидаттарын басшылыққа алу;

2) тағайындауға арналған материалдарды қарастырудың белгіленген мерзімін сақтау және бақылау;

3) мемлекеттік кірістер органдарына жұмысқа қабылдаған кезде негізгі міндеттерді, лауазымдық тұлғаларға қолданылатын тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

4) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау.

13. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындаған кезде:

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауда және талқылауда жүртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті катысы;

2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер налатасы өкілдерінің және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің міндетті катысы;

3) нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобаларын мұдделі мемлекеттік органдарға келісуге жолдағанға дейін көпшілік талқылауы үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына орналастыру;

4) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінің жобалары сараптамалық кеңес отырысында қаралғанға дейін интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялануға (таралуына) жатады;

14. Тыныс-тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты езге де қоғамдық-маңызды катынастар кезінде:

1) бағынысты лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және анық айқындау;

- 2) бағыныстағы лауазымды тұлғалардың арасында еңбек жүктемесінің тен белінбеуіне жол бермеу;
- 3) олардың қызметтерінің нәтижелерін бағалаған кезде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолданған кезде әділдік пен объективтілік білдіру;
- 4) анық орындаі алмайтын немесе лауазымдық міндеттерінің шенберінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
- 5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныстағы қызметкерлердің қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбау;
- 6) бағыныстағы қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мәжбүрлемеу;
- 7) бағыныстағы қызметкерлер мен басқа лауазымды тұлғалардың тарапынаи сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілерінің жолын кесу және жол бермеу;
- 8) озінің қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мұдделер қактығысын реттеу бойынша тыңғылықты шараларды уактылы қабылдау;
- 9) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тыңғылықты шараларды қабылдау;
- 10) жоғары тұрған не төмен тұрған, не қызмет немесе жұмыс бабында олармен өзгеше тәуелділікте болатын лауазымды адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарга қатыспау.